



Ғылыми мақала / Scientific article
ХҒТАР / IRSTI 21.91



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-152-3-69-82>

AGNOSTICISM IN MODERN KAZAKHSTAN: HISTORY AND NARRATIVES

Aigerim TEMIRBAYEVA^a, Talgat TEMIRBAYEV^a

^a*Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan*

 talgat.temirbayev@gmail.com

Abstract. The article is devoted to the study of the phenomenon of agnosticism in modern Kazakhstani society with an emphasis on its socio-cultural features. The theoretical part of the work covers the historical origins and philosophical foundations of agnosticism as an ideological position that differs from atheism and religious faith. Particular attention is paid to issues of self-identification, religious indifference and epistemological boundaries of knowledge about the transcendent.

Also, this paper examines agnosticism in contemporary Kazakhstan from religious and philosophical perspectives. Authors analyze the origins of agnostic views in the country, specifically in the city of Almaty, their development during the post-Soviet period, and their current perception. Agnosticism is presented as a worldview shaped by conditions of religious pluralism and globalization. The study includes an analysis of narratives, interviews, and religious-philosophical texts. Special attention is given to youth, among whom this phenomenon is especially widespread.

It is shown that agnosticism is not a rejection of faith, but a form of personal search for meaning and self-determination. The work addresses issues of religious identity, freedom of belief, and the transformation of spiritual values. Qualitative methods of analysis are employed. The findings may be useful for philosophers, theologians, and sociologists. The research also opens new perspectives for further studies in the field of religious philosophy in Kazakhstan.

Keywords: agnosticism; pluralism; faith; worldview; modern agnostics; skepticism; atheism

For citation:

Temirbayeva A., Temirbayev T. Agnosticism in modern Kazakhstan: history and narratives // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 152. – No. 3. – P. 69-82. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-152-3-69-82>.

Сілтеме жасау үшін:

Темірбаева А., Темірбаев Т. Қазіргі Қазақстандағы агностицизм: тарихы мен нарративтері // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 152. – No. 3. – 69-82 бб. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-152-3-69-82>.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АГНОСТИЦИЗМ: ТАРИХЫ МЕН НАРРАТИВТЕРІ

Айгерім Темірбаева^а, Талғат Темірбаев^а

^аНұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

АГНОСТИЦИЗМ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИЯ И НАРРАТИВЫ

Айгерим Темирбаева^а, Талгат Темирбаев^а

^аЕгипетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Мақала қазіргі қазақстандық қоғамдағы агностицизм құбылысын оның әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне баса назар аударып отырып зерттеуге арналған. Жұмыстың теориялық бөлігі атеизм мен діни сенімнен ерекшеленетін дүниетанымдық ұстаным ретінде агностицизмнің тарихи бастаулары мен философиялық негіздерін қамтиды. Трансцендент туралы білімнің өзін-өзі сәйкестендіру, діни немқұрайлылық және гносеологиялық шекаралары мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Сондай-ақ, мақала қазіргі Қазақстандағы агностицизмді діни-философиялық тұрғыдан қарастырады. Авторлар еліміздегі, дәлірек айтсақ, Алматы қаласындағы агностикалық көзқарастардың пайда болуын, олардың посткеңестік кезеңдегі дамуы мен қазіргі заманғы қабылдауын талдайды. Агностицизм діни плюрализм мен жаһандану жағдайында қалыптасқан дүниетаным ретінде ұсынылған. Зерттеу нарративтерді, сұхбаттарды және діни-философиялық мәтіндерді талдауды қамтиды. Бұл құбылыс әсіресе кең тараған жастарға ерекше көңіл бөлінеді. Агностицизм сенімнен бас тарту емес, мағынаны және өзін-өзі анықтауды жеке іздеудің бір түрі екендігі көрсетілген. Жұмыста діни бірегейлік, діни сенім бостандығы және рухани құндылықтарды өзгерту мәселелері қозғалады. Талдаудың сапалық әдістері қолданылады. Алынған нәтижелер философтар, теологтар және әлеуметтанушылар үшін пайдалы болуы мүмкін. Зерттеу сонымен қатар Қазақстандағы діни философия саласындағы алдағы жұмыстардың болашағын ашады.

Түйін сөздер: агностицизм; плюрализм; сенім; дүниетаным; замануи агностиктер; скептицизм; атеизм

Аннотация. Статья посвящена исследованию феномена агностицизма в современном казахстанском обществе с акцентом на его социально-культурные особенности. Теоретическая часть работы охватывает исторические истоки и философские основания агностицизма как мировоззренческой позиции, отличающейся от атеизма и религиозной веры. Особое внимание уделяется вопросам самоидентификации, религиозной индифферентности и эпистемологических границ знания о трансцендентном.

Также в статье рассматривается агностицизм в современном Казахстане с религиозной и философской точек зрения. Авторы анализируют истоки агностических взглядов в стране, а именно в городе Алматы, их развитие в постсоветский период и современное восприятие. Агностицизм представлен как мировоззрение, формирующееся в условиях религиозного плюрализма и глобализации. Исследование включает анализ нарративов, интервью и религиозно-философских текстов. Особое внимание уделяется молодежи, среди которых данное явление особенно распространено.

Показано, что агностицизм – это не отказ от веры, а форма личного поиска смысла и самоопределения. Работа затрагивает вопросы религиозной идентичности, свободы вероисповедания и трансформации духовных ценностей. Используются качественные методы анализа. Полученные результаты могут быть полезны для философов, теологов и социологов. Исследование также открывает перспективы для дальнейших работ в области религиозной философии в Казахстане.

Ключевые слова: агностицизм; плюрализм; вера; мировоззрение; современные агностики; скептицизм; атеизм

Кіріспе

Агностицизм XIX ғасырда термин ретінде қалыптасқанымен, адамзат ойының тарихында терең тамыр жайған, оны антикалық философиядан бастап, ортағасырлық теологиялық пікірталастардан көруге болады. Бүгінде агностикалық көзқарастар бүкіл әлемге таралып, діни және философиялық дискурстардың маңызды бөлігіне айналды. Секуляризация деңгейі жоғары елдерде агностикалық көзқарастар ұйымдасқан дінге деген скептикалық қатынаста көрініс тапса, дәстүрлі қоғамдарда, мысалы, мұсылман әлемінде, агностицизм көбіне мәдени және діни дәстүрлермен қатар өмір сүреді. Қазақстан да исламдық дәстүр терең тамыр жайған поликонфессионалды ел ретінде агностицизм құбылысы да кездеседі.

Кеңес Одағынан кейінгі кезеңде діни жаңғыру аясында көптеген адамдар сенім мен күмән мәселелерін көтере бастады, бұл агностицизмнің өзіндік жергілікті формаларының қалыптасуына әкеледі. Кейбір қазақстандықтар исламның мәдени және этникалық маңыздылығын мойындағанымен, оның догматикалық қағидаларын ұстанбайды. Басқалары діни доктриналарды жоққа шығара отырып, болмыс мәселелерінде адам танымының шектеулігін мойындайды. Агностицизм атеизммен және қазіргі заманда ұқсас интеллектуалдық және философиялық қозғалыстармен қатар Құдайға деген сыни көзқарасы барлар арасында кеңінен қабылданған көзқарас.

Агностицизм қазіргі діни-философиялық дискурстарда ерекше орын алады, күрделі және көпқырлы құбылысты бейнелейді. Ғылыми прогрестің артуы, мәдениет алмасу, сенім мен шындықтың табиғаты туралы сұрақтар ерекше өзектілікке ие болуда. Қазіргі Қазақстандағы агностицизмді талдау – адамдардың дүниетанымына әсер ететін діни және философиялық үдерістерді тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Агностицизмнің жаһандық және Қазақстандық контексте зерттелуі қазіргі қоғамдардың діни өзгерістерге қалай бейімделетінін және адамдардың сенім мен білім мәселелеріне деген философиялық көзқарастарын қалай қалыптастыратынын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мақала агностицизмнің негізгі концепциялары, оның тарихи тамырлары, мәдениет пен қоғамдық санаға әсері, сондай-ақ Қазақстандағы көрініс ерекшеліктері қарастырылады.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің әдістемелік негізі академиялық дереккөздерге теориялық талдау және далалық зерттеулер нәтижесінде алынған эмпирикалық мәліметтер болды. Теориялық талдау барысында отандық және шетелдік әдебиеттер қарастырылды. Алматы қаласының Ұлттық ғылыми кітапханасында дереккөздерге талдау жүргізілді. Сондай-ақ Қазақстандағы агностицизм ұстанушыларынан сұхбат алынды. Далалық зерттеу барысында 18 жастан асқан, ерікті түрде қатысқан 20 агностик респонденттермен сұхбат жүргізілді, агностикалық көзқарасты ұстанатын өкілдердің жиналатын орындарында қосылған бақылау өткізіп, қажетті қорытындылар шығарылды. Барлық респонденттердің деректері құпия түрде шифрланды және зерттеу этикасы толық

сақталды. Зерттеу шеңбері: сұхбат 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап, 2025 жылғы 31 қаңтарға дейінгі кезеңде өткізілді. Сұхбат екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Агностикалық ұстанымның өкілдері ретінде Қазақстанның ең ірі поликонфессионалды қалаларының бірі – Алматы қаласының тұрғындары қатысты.

Агностицизмнің теориялық негізі

Агностицизм ұғымының мәнін толыққанды түсіну үшін, ең алдымен гностицизм жайында түсінік беру қажет. «Гностицизм» грек тілінен аударғанда «білім», «һикмет», «мағрифат» сөзіне келетін «гнозис» және «білімге ұмтылу» мағынасына келетін «gnosticos» сөзінен негіз алады. Гностиктер өздерінен бұрынғылардан жеткен хабарлар жеткілікті деп сенетін адамдар тобы. Олардың пайымында Құдай, ғалам, адам және бұлардың арасындағы қарым-қатынас ерекше адамдарға, яғни пайғамбарларға берілетін эзотериялық қасиетті ақпаратпен түсіндіріледі. Мысалы, сабиандық, манихейлік және герметизм сияқты діндер гностикалық діндер ретінде сипатталады.

Агностицизм этимологиялық тұрғыда грек тілінің «agnostos» сөзінен шығады, аударғанда «белгісіз, танып білуге болмайтын» дегенді білдіреді. Аталмыш көзқарас адам баласының танымының шектеуіне басты назар аударады. Агностицизм адам танымының мүмкіндіктеріне сыни көзқарас ретінде жүйелі білімнің қалыптасуымен шамалас уақытта пайда болды.

Тарихи тұрғыдан агностикалық тәсілдің алдында білімге немесе шындыққа қолданылатын скептицизм пайда болады. Яғни, скептиктер барлық білім күмәнді және ақыл шектеулі деп санайды. Агностицизм негізінен Құдай, метафизика мәселелеріне қатысты қолданылады. Агностиктер адам Құдайдың немесе басқа трансцендентті нәрсе бар-жоғын біле алмайды деп мәлімдейді. Барлық тарихи дәуірлерде агностикалық тәсілдер мен идеяларды кездестіруге болады. Агностицизм идеясының дамуына ең үлкен үлес қосқан келесі философтар мен ғалымдар: Пиррон, Протагор, Секст Эмпирик, Мұса ибн Маймун, Р. Декарт, И. Кант, Д. Юм, Б. Рассел, Г. Спенсер, Э. Кенни, А. Плантинга және т.б. Бұл ғалымдар агностик болмағанымен, олардың идеялары мен тәсілдері агностицизмнің кейбір аспектілерін қамтиды.

Негізінен «агностицизм» термині алғашында 1869 жылы Ұлыбританиялық Метафизикалық қоғамының отырысында Томас Хаксли тарапынан қолданылған болатын (Flew, 2025:5). Хаксли бұл терминді «Құдай мен әлем туралы нақты білімге ие болуды» білдіретін «гностицизм» деп аталатын христиандықтың мәлімдемесіне қарама-қарсы деп тұжырымдады (Nuxley, 1884:77). Хаксли өзінің тұжырымдамасын былай көрсетеді:

«Осыдан жиырма жылдай бұрын өзім сияқты ортодоксалды да, гетеродоксалды да метафизиктер мен теологтардың әртүрлі догматикалық мәселелерде қаншалықты бейхабар екендігін мойындаған адамдарды сипаттау үшін «агностицизм» сөзін ойлап таптым» (Gunduz, 2023:11).

«Агностицизм» термині алғашында 1869 жылы қолданылса да, ресми түрде жазбаша 1878 жылы енгізілді. Агностицизм жалпы мағынада – бұл сенім емес, адамның Құдай бар екендігін дәлелдеуге немесе жоққа шығаруға интеллектуалдылық негізі жеткіліксіз деген көзқарас.

Хакслидің сипаттауынша, сол уақыт пен жерде, практикалық тұрғыда, христиандықты немесе ештеңені, яғни сенімсіздікті таңдаумен шектелген. Теологиялық қиындықтар жайлы ойлаған кез келген адам христиандықтың қандай да бір ерекше ағымына мүшелік атын қайта қарауға мәжбүр болды. «Агностицизм» терминінің пайда болуы, сөзсіз, сол кезеңде көңіл қалушылық пен қиындықтардан туындады. Себебі, сол кезде діни ілімдер кейбір интеллигенциялардың тарапынан жоққа шығарылатын еді. Алайда, сол заманда ағылшын тілді әлемде қабылданатын, сенімді балама ұсынылмаған болатын. Құдайға сенген, бірақ Оның табиғаты немесе болмысы туралы діни түсініктерге сенбеген адамдар ешнәрсе істей алмады. Осы жағдайда күмәнданушылар үшін жалғыз жол – діни пікірталастардан бас тартып, шегіну болды. Хакслиде осы жолды таңдады. Ол ежелгі идеяларды бейнелейтін жаңа терминді, «агностицизмді» енгізді. Жалпы алғанда, Хакслидің мәлімдемесі бойынша, логикалық тұрғыдан қанағаттандырылмайтын дәлелдерсіз біреудің бір нәрсені білетінін немесе оған сенетінін айту қате (Rockwell, 1963:52). Алайда бұл терминнің мағынасына ең үлкен әсер еткен теисттік және атеисттік нанымдарға, Хакслидің осы принципін қолдану болды. Ол бұл сенімдердің ешқайсысы жеткілікті дәлелдермен расталмағандықтан, Құдайдың бар-жоғы туралы пікір мен үкім айтудан бас тартуымыз керек деп мәлімдеді (Huxley, 1894:309-365). Қазіргі таңда «агностик» термині (Құдайдың болмысы жайында сөз қозғалғанда) Хаксли аргументінің қорытындысында көрсетілген ұсынысты ұстанатын адамдарды сипаттау үшін жиі қолданылады: агностик – Құдайдың бар екендігі туралы тұжырымды қабылдап, бірақ оның шынайы немесе жалған екеніне сенбейтін адам. Сондықтан «агностицизм» термині философияда да, одан тыс жерде де жеке қағида немесе қандай да бір ұстаным деп емес, агностиктің психологиялық күйі ретінде анықталады (Stanford Encyclopedia of Philosophy).

Агностицизм термин ретінде тек XIX ғасырда пайда болды, бірақ оның философиялық мәні – Құдайды немесе абсолютті білу мүмкіндігіне күмән — әлдеқайда ертерек кездеседі.

Қазіргі заманғы ағылшын тілінің Оксфорд сөздігіндегі «агностик» термині осылайша анықталады: «Құдайдың бар-жоғын білу мүмкін емес деген сенім» (Oxford English dictionary). Бұл анықтама Хакслидің түсіндірмесіне толық сәйкес келмейді. Дегенімен бұл анықтама, осы сөздің ең кең тараған қазіргі түсінігі мен қолданылуын көрсетеді.

Британика энциклопедиясында агностицизм жайында келесі анықтама берілген: «Агностицизм (грек. Agnōstos, «танылмайтын») – қатаң мағынада алғанда, адамдар өз тәжірибелерінен тыс, кез келген құбылыстың бар екендігі туралы біле алмайды деген ілім. Бұл термин күнделікті қолданыста қолданылып, жалпы діни мәселелерге деген скептицизммен, әсіресе қазіргі заманғы ғылыми ойдың әсерінен дәстүрлі христиандық сенімдерден бас тартумен теңестіріле бастады» (Encyclopedia Britannica).

Жоғарыда аталған ғалымдардың әрқайсысының өз көзқарастары мен тұжырымдары болды және қарастырылған ғалымдар арасында ортақ пікір табылмады тіпті қазіргі Батыстық сөздіктерде басқаша интерпретацияланады.

Қазақстанда таралуы және қазіргі көріністері

Агностицизмнің кейбір идеялары Орталық Азия аймағына, оның ішінде Қазақстанға кеңестік кезеңде білім берудің кеңеюі, философиялық аудармалар, идеологиялық саясат

және ғылыми атеизмнің дамуы арқылы келді. Бірақ агностицизм тәуелсіз қозғалыс ретінде ұйымдасқан жоқ, оның идеялары мен элементтері аймақтағы жекелеген ойшылдардың еңбектерінде орын алды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда ұлттық салт-дәстүрлер қайта жаңғырды. Елге шетелдік миссионерлер мен түрлі философиялық концепциялардың өкілдері де келе бастады (Temirbayev, 2023).

Қазіргі кезіндегі жаһандану, технологиялық даму, цифрландыру және әлеуметтік желілердің кеңінен танымал болуы әртүрлі діндердің, идеялардың және дискурстардың таралуының негізгі аспектілерінің біріне айналды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы статистика еліміздегі агностиктердің санының есепке алынбағанын көрсетеді; басты назар дәстүрлі дін өкілдерінің есебіне аударылды. Соңғы жылдары ресми статистика дінге сенбейтіндердің санын қоса бастады. Бұл ұлттық, діни және гендерлік азшылықтардың құқықтарын сақтаудың жаһандық процестерімен байланысты болса керек.

Қазақстанда тіркелген агностицизм ұстанушылары жайында ресми деректер жоқ. Әдетте, Қазақстан мен жалпы Орталық Азиядағы халық санағы мен зерттеулер тек атеисттерді ғана ескереді, ал агностицизм ұғымын бөлек ажыратып қоймайды (ҚР ұлттық құрамы, діни наным және тілдерді меңгеруі, 2021).

АҚШ-тың құқық қорғаушы христиан ұйымы «Open Doors» мәліметінше 2021 жылғы санақ бойынша 479.000 қазақстандықтар (2.52%) өздерін агностик санап, ал 75.600 (0.4%) өздерін атеист санаған (Open Doors, 2022).

«Open Doors» христиан ұйымының 2023 жылғы санағы 2 жылдың ішінде агностиктердің өсу үрдісін көрсетеді. Өздерін агностик санаған қазақстандықтар саны 587.000 (3.1%) көрсетеді (Open Doors, 2023). Екі жыл арасындағы айырмашылық әлдеқайда анық байқалады. Бұл дегеніміз осы екі жылда қазақстандықтардың 0.58% өздерін агностик деп санауын көрсетеді.

Дегенмен, Қазақстанда агностицизмнің ерекше қатты тарала түсуі 2024 жылғы санақта көрсетіледі. «Open Doors» ұйымының статистикасы 684.000 қазақстандық өздерін агностик санайтынын көрсетті. Бұл соңғы 5 жылдықта агностиктер саны 32.54%-ға өскенін көрсетеді (Open Doors, 2024).

Қазіргі Қазақстанда, әсіресе жастар арасында плюралисттік агностицизм ұстанымы кең таралуда.

Интернет пен жаһандану философиялық идеялардың, соның ішінде агностицизмнің таралуына ықпал етеді, әсіресе дін мен философияға балама көзқарастар іздейтіндер арасында. Дегенмен кейбір Орталық Азия елдерінде агностицизм туралы ашық пікірталас жүргізу мәдени және діни дәстүрлердің күші әсеріне байланысты қиын болуы мүмкін. Орталық Азия – тарихи тұрғыдан исламмен және христиан дінімен тығыз байланысты өңір және бұл діни қоғам мен мәдени өмірде маңызды рөл атқарады. Алайда, посткеңестік кезеңде діни сенімдермен қатар секуляризация үдерістері күшейіп, агностицизмді қоса алғанда, зайырлы, философиялық және ғылыми көзқарастар тарауда.

Қазіргі Қазақстанда агностицизм уақыт өткен сайын өзекті мәселеге айналып жатыр. Әсіресе діни орталарда, әлеуметтік желілерде, тіпті кейбір оқу мекемелерінде

адамдар арасында үлкен дискурс жүруде. Бұл құбылыс – агностицизмнің Қазақстанға жасаған ықпалын көрсетеді. Тек ғана Қазақстан бойынша ғана емес, әлем бойынша да агностиктердің соңғы бес жылдықта көбейіп жатқан үрдісін жоғарғы жақтағы статистикалардан байқаймыз. Демек, уақыт өткен сайын адамдар, әсіресе жастар, өмірдің мәнін іздеуге, өз орнын табуға және түсінуге, сондай-ақ діни догмаларды сын тұрғысынан қарастырып жатыр деген қорытынды жасауға болады. Ғылымның дамуы мен мәдени алуан түрлілік жағдайында агностицизм сенім мен руханият жайында жалпы қоғамдық пікірталастардың маңызды да, күрделі бөлігіне айналуы мүмкін.

Қазақстан – ұлттық дәстүрлер мен дін қатар өмір сүретін көпұлтты мемлекет. Бұл, әлбетте, әртүрлі дүниетанымдарды, оның ішінде агностицизмді талқылауға мүмкіндіктер беретін орта қалыптастырады. Сондай-ақ, білім мен ақпаратқа қолжетімділік – жастардың сыни ойлауының дамуына әкеледі, әрине, егер ақпаратты дұрыс қолданылса. Сол себепті де, жастар дәстүрлі діндерге және олардың догмаларына күмәнмен қарай бастап, оларға балама философиялық көзқарастарды іздей бастайды.

Зерттеу нәтижелері

Шетел әдебиетін талдау бұл тақырыптың қазіргі заманға сай екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, шетелдік ғылыми-зерттеу институттары, мысалы United Nations, демографиялық статистика бөлімі, World Values Survey, Gallup International, Pew Research Center. Мысалы, американдық Pew Research Center топтарды бөлек бөледі: «агностиктер», «атеистер», «дін жоқ».

Сондай-ақ, Қазақстандағы академиялық дереккөздерде теориялық аспектілерді зерттеу барысында, Алматы қаласының Ұлттық кітапханасында дереккөздер ізденді, тек бір автордың еңбегі табылды. Автор өз еңбегінде Дэвид Юмның пікірін тұжырымдайды. Астана қаласының Ұлттық кітапханасында бірде бір кітап, диссертация тіпті автореферат жоқтың қасы.

Сонымен қатар, Қазақстанның ең ірі поликонфессионалды қалаларының бірінде, яғни Алматы қаласында 20 агностикалық көзқарастағы респонденттермен сұхбат жүргізілді. Сұхбаттың негізгі мақсаты – агностицизмге итермелеуші факторларды қарастырып, талдау болды. Нәтижесінде Қазақстанда агностицизмге енуге әсер ететін негізгі бес фактор анықталды:

1. Белгілі бір дін өкілдерімен болған негативті тәжірибе. Мысалы үшін, кейбір адамдар діни ортада әділетсіздікке, екіжүзділікке немесе діни қайшылықтарға тап болған:

«Көп нәрсеге айналымдағы орта әсер етті. Көптеген адамдар жиі екіжүзділік танытып, дінді түрлі девиантты мақсаттарға пайдаланатынын көрдім. Менің айналымда діннің шынайы мәнін түсіндіре алатын нағыз діндар адам болмады» Респондент Б., Ер адам, 20-23 жас.

«Менің өмір салтымды көрген намазхан ағаммен жиі ұрыс-керіс болды. Маған «Сен кәпірсің!» деп жала жаба бастаған соң, сондай-ақ оның істеп жүргендерін көрген соң діндар адамдардан көңілім қала бастады» Респондент С., Ер адам, 23 жас.

«Интернет желісіндегі кейбір діни адамдардың адамға немесе жануарларға зорлық-зомбылық көрсеткенін жиі кездестірдім. Намаз оқитын, бірақ харам әрекеттер жасайтын

достарым да болды. Маған діни адамдар дінді өз пайдасы үшін жамылып жүргендей көрінді. Діннің кейбір қағидалары мораль мен этикаға қайшы келетін сияқты» Респондент А., Ер адам, 22 жас.

«Орамалға және намазға келгелі адамдардан көңілім қала бастады. Адамдар «орамалдағы» және «орамалсыз» қыздар деп кейбір жерлерде бөле бастады. Адамдар қоғамдық жерде жаман көзбен қарап кететінін сеземін. Сондай-ақ Құдай кейбір мәселелерде эгоизм көрсетеді. Құранның пайғамбарға арналған кейбір аяттары да күмән туғызады. Мәселен, неге тек пайғамбардың жүрегін тазалап алады, деген мәселеде дін ұнамайды деп айта аламын» Респондент А., Әйел адам, 21 жас.

«Мен 25 жасқа дейін толық тыныс алмай өмір сүргендей болдым. Маған көбірек еркіндік пен тәуелсіздік жетіспеді. Кейін дінге және діни адамдарға деген антипатия кезеңі басталды, себебі өз бақылауларым бойынша, діни адамдардың көбі агрессивті және қатыгез болып көрінді» Респондент А., Әйел адам, 25 жас.

2. Ғылымның, нейро ғылымының және психология ілімінің дамуы. Ғылыми түсіндірмелер діни түсіндірмелерді алмастыруда. Бұрынғы кездері жер сілкінісі, аурулар Құдайдың жазасы деп қабылданса, қазіргі кезде адамдар оларды атмосфералық құбылыстармен, тектоникалық процесстермен және вирустармен түсіндіреді. Сонымен қатар діндегі көптеген сұрақтар ашық күйінде қалып, адамдарда сұрақтар көп бола бастады. Ал ғылым әрбір үдерісті дәлелдерге негізделген рационалды түсіндірмелермен сипаттайды. Нәтижесінде кейбір респонденттер өз көзқарастарының таңдауын дәстүрлі діннің қазіргі заманғы сұрақтарға жауап бере алмауымен түсіндірді:

«Мен діни ортада өстім. Алайда оқу барысында ғылымға қызығушылығым артты, бұл мені агностикалық көзқарастарға жетеледі. Әсіресе, социология сабағы маған қатты әсер етті. Оның арқасында дін - саясат, ал діндарлар оның - құралы екенін түсіндім» Респондент Е., Әйел адам, 22 жас.

«Негізгі факторлар – сенімдегі логиканы іздеу, ғылыми және философиялық дәлелдерді зерттеу, сондай-ақ ақиқаттың қабылдануы қаншалықты субъективті екенін түсіну. Мен әртүрлі көзқарастармен бетпе-бет келдім және бірде-бір діни тұжырымдаманың толық сенімді жауап бермейтінін түсіндім» Респондент М., Әйел адам, 23 жас.

«Саналы жасқа жеткен соң, шамамен 15 жасымнан бастап дінге сенуден бас тарттым. Мен прагматикпін, маған бір нәрсені дәлелдейтін нақты фактілер қажет. Егер ондай дәлелдер болмаса, мен сене алмаймын. Құдайдың бар екендігін растайтын нақты дәлелдердің жоқтығы мені осындай шешімге алып келді» Респондент Д., Әйел адам, 25-28 жас.

«Діни ортада өскен соң дінді идеал көретінмін. Уақыт өткен сайын дін жауап бере алмайтын сұрақтар пайда бола бастап, ең тиімдісі агностицизм деп шештім. Бұл сенімге келу үшін қажетті мақалаларды оқып жүрдім» Респондент А., Әйел адам, 20-23 жас.

«Бұл шешіміме ғылымға деген қызығушылығым себеп болды. Ғылым туралы неғұрлым көп оқысам, діннен соншалықты алыстай түстім, тіпті аса діндар болмасам да. Ғылымға деген қызығушылығымды карантин уақытында жақын досым әртүрлі фактілер айтып оятты десем болады» Респондент Д., Ер адам, 22 жас.

«Карантин басталған кезде мен Юваль Ной Харари, Кант, Маркс кітаптарына көбірек қызыға бастадым. 18 жасқа дейін философия мен психологияға қатты қызығушылық

таныттым деуге болады. Мектепті бітірген соң, еліміздің бір мегаполисіне көшіп, сол еркіндікті сезінген соң, өзімнің көзқарасым енді агностицизм екенін нақты шештім» Респондент Е., Ер адам, 20 жас.

3. Глобализация және мәдени әртүрлілік. Технологиялардың жаппай дамуы мен жаппай миграция нәтижесінде адамдар әлемдегі басқа діндер туралы көбірек біле бастады. Қазіргі уақытта адамның әртүрлі сенімдер мен олардың догматтары туралы ақпаратқа қолжетімділігі бар. Цифрлік кеңесте әртүрлі діндерде ұқсас догматтардың бар екені жайлы мәліметтерге қол жеткізуге болады. Осыдан барып, адамның өз дінінің шынайышылығына күмәндануы пайда болады. Осылайша сенім жалғыз ақиқат ретінде емес, мәдени құбылыс ретінде қабылданылады.

«Мен өзімді агностикпін деп санаймын. Бала күнімнен мұсылман болдым, бірақ басқа діндер мен агностицизм туралы біле бастаған соң, көзқарастарым өзгерді. Әр діннің өкілдері өз дінін шынайы деп дәлелдеуге тырысады. Ақиқат бір, бірақ діндер өте көп... Сондықтан жай ғана Жоғары күшке және тағдырға сену оңайырақ. 20 жасымда өзім үшін діннің кейбір қағидаларын ұстану мағынасыз екенін түсіндім, өйткені бұл мені өзіме жабылып, сенімсіз етіп қояды» Респондент А., Әйел адам, 23 жас.

«Мен дін маңызды рөл атқарған ортада өстім, бірақ сонымен қатар дәлелдер мен логиканы талап ететін ғылыми көзқараспен де бетпе-бет келдім. Бұл екі әлем жиі бір-біріне қайшы келді және мен ешбір тарап түпкілікті жауап бере алмайтының түсіндім. Кітаптар, философия, Хаксли мен Рассел сияқты ойшылдар мені догмаларды қабылдаудан гөрі күмән мен ізденіс жолын таңдауға шабыттандырды» Респондент Ж., Әйел адам, 24 жас.

4. Психологиялық және әлеуметтік факторлар. Кейбір респонденттер өмір салтының діни принциптерге сәйкес келмейтінін мойындады. Көптеген адамдарда діни талаптарды орындамаудан қорқу сезімі бар, сондықтан олар бұл әрекеттің мағынасы жоқ деп санайды. Кейбір респонденттер үшін діндар адам болу ғана емес, сонымен бірге дін қағидаларын ұстану маңызды.

«Мен өзімді дінге лайық деп есептемеймін. Менің ойымша, ислам діні таза әрі жоғары дін. Егер адам мұсылман болса, ол міндетті түрде барлық қағидаларды ұстануы керек және басқа адамдар да сен туралы тек жақсы ойда болуы қажет. Ал мен, қайталап айтамын, өзімді бұған лайық деп есептемеймін. Өзімді діндар адам ретінде емес. Көбірек агностик ретінде сезінемін» Респондент Қ., Әйел адам, 21 жас.

5. Белгісіздік. Кейбір респонденттер бала кезден-ақ сұрақтарына алған жауаптарға қанағаттанбай, белгісіздікке ұшырады. Соның әсерінен агностицизмге бет бұрды.

«Мен агностицизмді таңдадым, себебі, Жоғарғы күштер бар ма, жоқ па, оны мүлдем білмеймін. Кімнің дұрыс, кімнің қате екенін түсіне алмаймын. Агностицизм – бұл қалыпты нәрсе, себебі мен нақты ештеңе айта алмаймын. Әрине, бұл ғылым мен сенім туралы әңгімелердің әсері болуы мүмкін. Бәрі бір-бірімен үйлеспейтін сияқты. Сондықтан, мүмкін, біз бәрі түсіне алмайтынымызды мойындау дұрыс шығар деп ойладым» Респондент И., Әйел адам, 20-25 жас.

Жалпы алғанда, далалық зерттеу нәтижесі бойынша, 20 респонденттің агностицизмге бет бұруына: белгілі бір діндар адаммен негативті тәжірибенің болуы немесе діндар

адамдар мен діннен көңіл қалушылық, сондай-ақ діннің кейбір сұрақтарға ашық және қанағаттандырылғыш жауап бермеуі (30% – 6 респондент); ғылым мен психология және нейроғылымның дамып, барлық табиғи құбылыстарға түсіндірмелік фактілердің болуы, яғни адамдардың көбінің ғылымға бет бұруы (50% – 10 респондент); глобализация және мәдени әртүрлілік (5% – 1 респондент); психологиялық және әлеуметтік факторлардың әсерінен (5% – 1 респондент) және болашақ пен қазіргі уақыттағы белгісіздік (10% – 2 респондент) әсер етеді.

Академиялық әдебиеттерді талдау көрсеткендей, агностицизм тақырыбы біздің елде аз зерттелген. Осыған қарамастан, далалық материалдар көрсеткендей, елде агностицизмді ұстанатын және өздерін агностик деп санайтын адамдар бар. Көп жылдық тәжірибесі бар дін саласындағы сарапшымен сұхбатты талдау елдегі діни ахуал бойынша сауалнамалар шеңберінде сенбейтіндердің, агностиктердің және атеистердің саны есепке алынатынын көрсетті. Алайда, бұл статистиканы құзыретті мемлекеттік органдар пайдаланады және ел азаматтары үшін әрдайым ашық бола бермейді.

Қорытындылай келе, зерттеу барысында қазіргі Қазақстандағы агностицизм күрделі әрі көпқырлы құбылыс екені анықталды. Бұл дүниетаным философиялық ой-толғамдар, тарихи тәжірибелер мен діни мәселелерді қабылдау және бағалауды анықтайтын әлеуметтік мәдени факторлардың тоғысында қалыптасады. Қазақстандағы агностицизм өмірдің мәні мен рухани тіректерді іздеуді, сондай-ақ қазіргі әлеуметтік және діни үдерістерге өзіндік реакцияны бейнелейді. Бұл құбылыс күмәндану құқығын қорғайды, бұл еркін ой бостандығы мен еркін пікір білдіру үшін маңызды. Сонымен қатар қазіргі замандағы Қазақстандағы «агностикалық» көзқарас пен ұстанымы плюралистік сипаттарымен ерекшеленетінін анықтап көрсеттік.

Қорытынды

Осылайша, агностицизмнің теориялық аспектілері бір ғасырдан астам уақыт бойы талқыланып жатыр. Агностицизм ежелгі дәуірден бастау алғанымен қазіргі уақытта түрлі пікірталастарда, сондай-ақ кейбір дін өкілдері тарапынан сынға түсіп жатыр.

Әлемнің көптеген елдерінде агностицизм, әсіресе зайырлы және ғылыми бағыттағы қоғамдарда, жастар арасында танымал бола түсуде. Бұл дәстүрлі діни көзқарастарға балама іздеумен байланысты, ол білімге ашықтық пен өзіндік сыншылдықты сақтауға мүмкіндік береді.

Әлем үшін агностицизм мәдениетаралық диалогтың дамуына мықты ықпал етеді, өйткені ол адам білімінің шектеулігін мойындауға және әртүрлі пікірлерге ашық болуға негізделген (Laurens, 2023). Бұл ұстаным әртүрлі мәдениеттер мен дін өкілдеріне өз нанымдарын еркін білдіруге мүмкіндік беріп, белгілі бір философиялық немесе діни көзқарасты мәжбүрлеп қабылдатуға жол бермейді. Осылайша, агностицизм өзара түсінікке, конструктивті қарым-қатынасқа және әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдар арасынан ортақ ұстанымдарды табуға қолайлы жағдай жасайды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, агностицизмнің негізі антикалық дәуірден бастау алады, ал жеке философиялық, дүниетанымдық және діни көзқарас ретінде XIX ғасырда ғана қалыптасты.

Агностицизм мәдениетке, ғылымға және білімге ықпалы айтарлықтай болуы мүмкін. Ол сыни ойлаудың дамуына, ғылыми зерттеулерге және этикалық қағидаттар мен құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ол әлеуметтік өзгерістерге, біліміміз бен әлемді түсінуіміздің шектеулі екенін ұғынуға, сондай-ақ әртүрлі сенімдер мен мәдениеттерді құрметтеуге себепші бола алады. Агностицизмнің басқа діни және философиялық дәстүрлермен өзара әрекеттесуі жеке сенімдер мен құндылықтарға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, агностицизм әртүрлі пікірлер мен сенімдерге құрметпен қарауға, әділеттілік пен теңдікті сақтауға, ынтымақтастық пен өзара көмекті нығайтуға, сондай-ақ экологиялық сананы арттыруға негізделген қағидаларды дамытуға ықпал ете алады. Бұл қағидалар қоғамдағы жауапкершілік пен үйлесімді қарым-қатынастарды қалыптастыруға көмектеседі.

Респонденттердің жоғарыда көрсетілген жауаптары Қазақстандағы агностицизмнің барлық өкілдерінің пікірін қорыта алмайды, алайда Қазақстанда таралу себептері мен факторларын түсіну үшін маңызды деректер болып табылады. Алынған деректер дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысын, уәкілетті мемлекеттік органдар мен дін қайраткерлерінің жұмысын жетілдіруге ықпал етуі мүмкін. Бұл мақалада біз қазіргі Қазақстандағы агностицизмді және оның өкілдерін қарастырдық, бұл халықтың аз ғана пайызы, ал халықтың көпшілігі ханафи мазхабының дәстүрлі исламы мен православиелік христиан дінін білдіреді (Malgarayeva, 2024:29).

Қорытындылай келе, қазіргі агностицизм – дін, ғылым және философия мәселелерін зерттеуде жаңа тәсілді қамтиды. Мысалы, космология немесе кванттық физика салаларында жұмыс істейтін көптеген ғалымдар шындық табиғаты туралы сұрақтарға тап болады, олар агностикалық идеялармен синтезделеді. Агностицизм әртүрлі сенімдердегі адамдарға құрмет көрсетудің және догматизмнен аулақ болудың маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл оны мәдениетаралық және дінаралық қақтығыстар жиілеп жатқан қазіргі әлемде өзекті етеді.

Жалпы алғанда, Қазақстан – тарихи тұрғыдан түрлі діндер мен наным-сенім өкілдері қатар өмір сүретін мемлекет. Қоғамда өзге дін өкілдеріне және түрлі көзқарас иелеріне төзімділік таныту үрдісі де байқалады. Ал агностицизмнің бүгінгі қоғамда орын алуы постмодернистік теориялармен, діни нарық тұжырымдамасымен және плюралистік қоғам құрылымымен тығыз байланысты. Агностицизм Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-мәдени ландшафтының құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Авторлардың үлесі

Темирбаева А.А. – Зерттеу жұмысының әдістемелік негізін құру, далалық зерттеулерді жоспарлау және жүргізу. Мақала тақырыбын бекітуде ұсыныстар берді. Басылымға журналды таңдау кезінде негізгі шешімді қабылдады. Мақала мәтінін жазып, соңғы нұсқасын бекітті.

Темирбаев Т.Т. – Мақаланың негізгі зерттеу әдістерін тұжырымдап таңдады. Зерттеудің негізгі әдебиеттерін және теорияларды таңдап, деректерді жинау, өңдеу, түзету жұмыстарына ұсыныстар берді.

Мүдделер қақтығысы

Бұл жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі:

- Diamond Tema. (2023). Agnostisizm ve İlahi Tragediya. – Istanbul: «Mitra Yayınları». – 13 p.
- Flew A. (2025). Christianity and Agnosticism. – New York: «The Humboldt publishing CO». – 5 p.
- Huxley T. (1884). Agnosticism: A Symposium // The Agnostic Annual. – London: «Charles Watts», 1884. – 77 p.
- Gunduz S. (2023). Din ve İnanc Sozlugu. – Ankara: «Vadi Yayınları». – 11 p.
- Rockwell G. (1963). This Time the World. – New York: «Parlament House». – 52 p.
- Huxley T. (1894). Agnosticism and Christianity. – Cambridge: «Cambridge University Press», 1894. – 309-365 pp.
- Stanford Encyclopedia of Philosophy [Electronic resource]. – Available at: <https://plato.stanford.edu/entries/atheism-agnosticism/#DefiAgno> Қаралған күні: 01.10.2024.
- Britannica [Electronic resource]. – Available at: <https://www.britannica.com/topic/agnosticism> – Қаралған күні: 15.09.2024.
- Open Doors, World Watch List, Situation of Religious Freedom for Christians, 2022. Қаралған күні: 15.02.2025.
- Open Doors, World Watch List, Situation of Religious Freedom for Christians, 2023. Қаралған күні: 15.02.2025.
- Open Doors, World Watch List, Situation of Religious Freedom for Christians, 2024. Қаралған күні: 15.02.2025.
- Laurens ten Kate, Bram van Boxtel. (2023). Introduction: Cultural and Religious Pluralism in the Age of Imaginaries. Religions, 14(9), <https://doi.org/10.3390/rel14091190>
- Malgarayeva Z., Temirbayeva A. et all. “Soft Power” of Orthodox Church in Kazakhstan: Narratives, Objectives, Potential. Journal of Religious & Theological Information, p. 28-40. <https://doi.org/10.1080/10477845.2024.2316440>
- Temirbayev T., Temirbayeva A. (2023). LEADERS OF SUFI GROUPS IN KAZAKHSTAN SYNCRETISM AND TRANSFORMATION OF DOCTRINE //European Journal of Science and Theology. – T. 19. – №. 2. – P. 11-23.
- Қазақстан Республикасындағы ұлттық құрамы, діни наным және тілдерді меңгеруі. (2021). – Ұлттық статистика бюросы. – 541 б.

References

- Diamond Tema. (2013). Agnostisizm ve İlahi Tragediya. – Istanbul: «Mitra Yayınları». – 13 p. [in Turkish]
- Flew A. (2025). Christianity and Agnosticism. – New York: «The Humboldt publishing CO». – 5 p. [in English]
- Huxley T. (1884). Agnosticism: A Symposium // The Agnostic Annual. – London: «Charles Watts», 1884. – 77 p. [in English]

- Gunduz S. (2023). Din ve Inanc Sozlugu. – Ankara: «Vadi Yayınları». – 11 p. [in Turkish]
- Rockwell G. (1963). This Time the World. – New York: «Parlament House». – 52 p. [in English]
- Huxley T. (1894). Agnosticism and Christianity. – Cambridge: «Cambridge University Press». – 309-365 pp. [in English]
- Stanford Encyclopedia of Philosophy [Electronic resource]. – Available at: <https://plato.stanford.edu/entries/atheism-agnosticism/#DefiAgno> (accessed: 15.02.2025).
- Britannica [Electronic resource]. – Available at: <https://www.britannica.com/topic/agnosticism> – (accessed: 15.02.2025).
- Open Doors, World Watch List, Situation of Religious Freedom for Christians, 2022. (accessed: 15.02.2025).
- Open Doors, World Watch List, Situation of Religious Freedom for Christians, 2023. (accessed: 15.02.2025).
- Open Doors, World Watch List, Situation of Religious Freedom for Christians, 2024. (accessed: 15.02.2025).
- Laurens ten Kate, Bram van Boxtel. (2023). Introduction: Cultural and Religious Pluralism in the Age of Imaginaries. Religions, 14(9), <https://doi.org/10.3390/rel14091190>. [in English]
- Malgarayeva Z., Temirbayeva A. et al. “Soft Power” of Orthodox Church in Kazakhstan: Narratives, Objectives, Potential. Journal of Religious & Theological Information, p. 28-40. <https://doi.org/10.1080/10477845.2024.2316440>. [in English]
- Temirbayev T., Temirbayeva A. (2023). LEADERS OF SUFI GROUPS IN KAZAKHSTAN SYNCRETISM AND TRANSFORMATION OF DOCTRINE //European Journal of Science and Theology. – T. 19. – №. 2. – P. 11-23. [in English]
- Qazaqstan Respubliqasyndagy ulttyq quramy, dini nanymy zhane tilderdi mengerui. (2021). [National composition, religious beliefs and language proficiency in the Republic of Kazakhstan] – Ulttyq statistika bjurosy. – 541 p. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors:

Темірбаева Айгерім Алматқызы – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Әл-Фараби даңғылы 73, 050060, Алматы, Қазақстан, temirbayeva.aygerim@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-3758-1710>

Temirbayeva Aigerim Almatkyzy – PhD, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic culture, 73 Al-Farabi Ave., 050060, Almaty, Kazakhstan, temirbayeva.aygerim@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-3758-1710>

Темірбаева Айгерім Алматқызы – PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, пр. Аль-Фараби 73, 050060, Алматы, Казахстан, temirbayeva.aygerim@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-3758-1710>

Темірбаев Талғат Тулубайұлы – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Әл-Фараби даңғылы 73, 050060, Алматы, Қазақстан, talgat.temirbayev@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-5285-0339>

Temirbayev Talgat Tulyubayevich – PhD, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic culture, 73 Al-Farabi Ave., 050060, Almaty, Kazakhstan, talgat.temirbayev@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-5285-0339>

Темирбаев Талгат Тулубаевич – PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, пр. Аль-Фараби 73, 050060, Алматы, Казахстан, talgat.temirbayev@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-5285-0339>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 22.06.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 25.07.2025

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 29.08.2025